

**ЕВРАЗИЯЛЫҚ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ОДАҚТЫҢ ДАМУ  
ҮРДІСТЕРІ МЕН  
ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

Евразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) – құрамындағы мүше-мемлекеттер аймақ ішінде өздерінің экономикалық әлеуеттері мен шаруашылық байланыстарын жүзеге асыру, ғаламдық экономикада бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жағдайлар жасау мақсатында құрылған жас интеграциялық бірлестік. Тауарлардың, қызметтердің, капитал мен еңбектің ортақ нарығын қалыптастыру еуразиялық интеграциялық жобаның өзегінде жатқан игі мақсаттар-мұраттар болып табылады. ЕАЭО құрылуы – 1990–2000 жылдар аралығында бірнеше рет талпыныс жасалып, ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында шынайылыққа айнала бастаған еуразияшылдық идеясы. ЕАЭО толыққанды экономикалық одаққа айналуы үшін оның құрамындағы елдер әлі талай сынақтар мен қиындықтарды бастан өткерері сөзсіз. Мысалы, Еуропалық Одақтың (ЕО) қалыптасуына жарты ғасырға жуық уақыт қажет болды. Сол сияқты, ЕАЭО алғашқы жылдары түрлі қиындықтарға, ішкі қайшылықтарға ұрынуы заңдылық, соған қарамастан, экономикалық интеграция идеясы шынайы жүзеге асуда. Осыған орай, ЕАЭО даму тенденциялары қалай болатыны, нағыз экономикалық одаққа айналуы үшін қандай мәселелер шешімін табуы тиіс екендігі көпшілікті толғандырады. Біздің ойымызша, алдағы онжылдықта ЕАЭО мынадай маңызды міндеттерді шешуі қажет:

1. Қазір орын алып отырған кемшіліктерді, мемлекеттер арасындағы тауар мен қызметтің еркін нарығын қалыптастыруға нұқсан келтіріп отырған әкімшілік, заңнамалық, бюрократиялық кедергілерді жою.
2. ЕАЭО ішіндегі алым-салықтардың, тарифтердің әрқелкілігінен арылып, тариф, салық, баға саясатының бірегей жүйесін қалыптастыру.
3. Макроэкономикалық саясатты үйлестіріп, қаржы және валюта мәселелерін оңтайландыру. ЕАЭО ортақ валютасы болмағандықтан, бұл салада көп қиындықтар бар. Бұл жерде еркін конвертацияланатын шетелдік валюталардың, оның ішінде әсіресе АҚШ долларының ықпалынан арылу, өзара сауда жасау барысында ұлттық валюталармен есептесу мәселесі оң шешімін табуы тиіс.

4. Еркін сауда аймақтарының желісін құру, аймақтағы шешуші рөл ойнайтын «ірі ойыншылар» – ЕАЭО, ЕО, Қытай арасында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамытып, өзара тиімді іскерлік байланыстарды жолға қою.

Бұл бағыттардың жүзеге асырылуы ЕАЭО дамуына игі ықпал етіп, инфрақұрылымды, өнеркәсіпті, агроөнеркәсіп кешенін, ортақ еңбек нарығын, бірегей зейнетақымен қамту, білім беру мен ғылымның одақтық кеңістігін қалыптастыру т.б. кең мүмкіндіктер туғызып, интеграцияның жағымды әсерін арттыра түседі. Евразиялық интеграцияның одан әрі дамуы мемлекет басшыларының немесе үкіметтің саяси шешімдерімен «жоғарыдан сүйреуіне» емес, интеграцияның «төменнен» шынайы жүзеге асуына тікелей тәуелді. Яғни, «төменнен» жүретін интеграцияның қозғаушы күші – қарапайым халық, кәсіпкерлер, еңбек адамдары. Өзара сауданың өсуі, трансшекаралық инвестициялар, өркениетті еңбек миграциясы халықтың қатысуынсыз жүзеге аспас еді. Ал «төменнен» жүретін интеграция үшін ЕАЭО экономикасында бірегей «ойын ережелері» болуы шарт. Сонда ғана, алдағы онжылдықта, орта мерзімдік шамалап болжағанда 2025 жылға таман ЕАЭО ақша-тауар-қызмет-еңбек ортақ нарығы толыққанды қалыптаспақ.

ЕАЭО мүше-мемлекеттердің экономикаларын жаңғырту мен кооперациялау үшін аса қажет маңызды процесс – ортақ нарық қалыптасуына кері әсер етуші кедергілерді жою. Әзірге мұндай кедергілерді санамалап тауысу қиын: әкімшілік-саяси, бюрократиялық, жемқорлық, салықтық, кедендік, тарифтік, инфрақұрылымдық, энергетикалық, стандарттық, санитарлық, ветеринарлық, техникалық т.б. жалғасып кете береді.

Қазір ЕАЭО мүшелері бұл кедергілерді жоюға барынша күш салуда: Бірыңғай кедендік кодекс қабылданды, Бірегей техникалық регламенттеу енгізілді. Арнайы келісімге қол жеткізіліп, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕАЭО фармацевтика мен дәрі-дәрмектің ортақ нарығын қалыптастыруға кірісті. Енді біртұтас электроэнергетикалық нарық қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілу үстінде. Евразиялық экономикалық комиссия «Біртұтас электроэнергетикалық нарық қалыптастыру туралы» тұжырымдаманы әзірлеп, бекіткен соң соған сәйкес мемлекетаралық келісімдер жасалмақ. ЕАЭО ортақ электроэнергетикалық нарығы 2019 жылы қалыптасады деп жоспарланып отыр. Ал 2022

жылы ЕАЭО қаржылық мегареттеушісі – ұлтүстілік арнайы қаржы институты құрылады деп күтілуде. Мұндай ұлтүстілік қаржы орталығы ЕАЭО ортақ қаржы нарығын, оның ережелерін жасақтап, жұмысын реттеп, қадағалап отыратын болады. 2025 жылға таман ЕАЭО ауқымында мұнай, газ және мұнай өнімдерінің ортақ нарығы қалыптаспақ. Ортақ көмірсутек шикізат өнімдер нарығының қалыптасуы ұзаққа созылуының басты себебі – Ресей мен Қазақстан сияқты ЕАЭО құрамындағы басты мүше-елдердің экономикасы негізінен шикізаттық бағытта дамуы, мемлекеттік бюджеттің мұнай мен газ сатудан түсетін қаржыға тәуелді болуы. Ал Белорусия, Қырғызстан мен Армения керісінше, мұнай мен газға мұқтаж. Яғни, ЕАЭО мүшелері арасында мұнай-газға қатысты экономикалық мүдде қайшылығы туындап отыр.

ЕАЭО үшін тауарлар сату мен қызмет көрсету салаларындағы тарифтік емес барьерлерді жою мен бірегейлендіру өзекті мәселелердің қатарында тұр. Тарифтік емес барьерлер ЕАЭО елдері арасындағы тауарлар мен қызметтерді өзара алмасу процесін қиындатып, ортақ нарықтың тиімділігін төмендетеді. Әсіресе, бұл технологиялық салаларды дамыту мен кооперациялауға зиян келтіреді. Евразиялық даму банкі ЕАЭО аясындағы өзара саудаға тарифтік емес барьерлердің тигізетін зиянын арнайы зерттеп, өз ұсыныстарын жасады. Осы зерттеудің нәтижесі көрсеткендей, тарифтік емес барьерлер Белорусия, Қазақстан мен Россияның кәсіпорындарының экспорт көлемінің 15–30% құрап отыр екен [1]. Бұл дегеніміз – әрбір тауардың сатылу құнының үштен бір бөлігі, сәйкесінше, отандық немесе одақтық тауарлардың бағасының қымбат болуына, шетелден импортталатын тауарлармен бәсекелесе алмауына әкеліп соғады. Басқаша айтсақ, ЕАЭО экспортының үштен бір бөлігі нақты тауармен қамтылмай, тарифтік емес барьерлер есебінен қауқайып, «көбейіп» тұр. Ал бұл болса өз кезегінде девальвациялық қауіп-қатердің бірі, инфляцияның туындауына ықпал ететін қосымша фактор саналады. Шартты түрде тарифтік емес барьерлерді екі үлкен топқа бөлуімізге болады. Оның біріншісіне – саудадағы санитарлық және фитосанитарлық шаралар, техникалық барьерлер, квоталар, шектеулер мен тиым салулар, сандық және сапалық бақылаулар жатады. Екінші топқа – бағалық бақылаулар мен бәсекелестікке әсер етуші шаралар (арнайы импортерлер институты, дистрибьютерлер, ресми дилерлер, тауарды сатудағы шектеулер, мемлекеттік сатып алудағы қатаң талаптар, субси-

диялар). Барьерлердің екінші тобын «дөңгелектегі құмдар» деп атайды, себебі олар тауарлардың айналысын қиындатады, бірақ арнайы саяси шешімдер қабылдау арқылы принципиалды түрде толықтай жойып жіберуге болатын кедергілер. ЦИИ ЕАБР (Центр интеграционных исследований Евразийского банка развития) эксперттері тарифтік емес барьерлердің саудаға анағұрлым жағымсыз әсер ететінін анықтаған. Сондықтан, ЕАЭО үшін өзара саудаға зиян келтіретін тарифтік емес барьерлерді жою бірінші кезекте тұрған өзекті мәселе. ЦИИ ЕАБР жүргізген зерттеу нәтижелеріне сәйкес, тарифтік емес барьерлерді азайту арқылы өндіріс орындары көп Беларусьтің шынайы ІЖӨ (ішкі жалпы өнімі) 2.8% өсіп, халықтың әл-ауқаты 7.3% жақсаруы мүмкін. Өндіріс орындары аз саналатын Қазақстанда бұл тиімді әсер етпек: ІЖӨ 0.7% өсіп, әл-ауқат 1.3% артады [2]. Тарифтік емес барьерлерді барынша азайту машина жасау, станок жасау, құрал-жабдық шығару, целлюлоза-қағаз, жеңіл өнеркәсіп, тері-былғары, резина, пластмасса бұйымдарын шығаратын салаларға ерекше жағымды әсер етпекші. Қазіргі таңда тарифтік емес барьерлер бұл аталған салаларды тұншықтырып отыр. Сонымен қатар, химия өнеркәсібі, ағаш өңдеу, ауыл шаруашылығы, электржабдықтары, электронды бұйымдар шығару да зиян шегуде. Отандық өнімдердің, немесе ЕАЭО аясындағы өнімдердің бағасы неге қымбат деген сауалдың бір жауабын осыдан табуымызға болады.

ЕАЭО дамуы үшін макроэкономикалық және қаржы-валюталық үйлестіруді дұрыс жолға қою да аса маңызды. Өзірге ЕАЭО өзара келісілген бірегей макроэкономикалық саясат жүргізіп отырған жоқ. Оған 2014-2015 жылдардағы орын алған девальвациялық процестер, ЕАЭО ішіндегі валюта бағамының әртүрлі болуы, валюталық опреацияларды жүргізудің де әр одақтас елде түрлі жолмен жүруі дәлел бола алады. Мысалы, 2014 жылдың аяғы – 2015 жылдың бірінші жартысында Ресей рублі АҚШ долларына шаққанда өте төмен түсіп кетсе (68,93 рубль), 1 АҚШ доллары 184,45 Қазақстан теңгесі болды. Сәйкесінше, Ресей рублі 2,6 теңгеге «түсіп» қалды (оған дейінгі жылдары 1 Ресей рублі 5-5,5 теңге болған еді). Бұл өз кезегінде екі ел арасындағы экспорт-импорттың кері сальдосын туындатты. Қазақстандықтар сауда жасау үшін жаппай Ресейге ағылып, импорт көлемі күрт артып кетті. Жағдай тек 2015 жылдың 18 тамызындағы Қазақстанда орын алған девальвацияның екінші толқыны ұрғанда ғана теңесті (АҚШ

доллары бір мезетте 185 теңгеден 380 теңгеге дейін күрт көтерілді).

Макроэкономикалық және қаржы-валюталық үйлестіруді дұрыс жолға қою тек экономикалық қана емес, саяси-әлеуметтік тұрақтылыққа да арқау болады, экономиканың қызмет етуінің бірегей принциптерін қалыптастырады, қатысушы елдердің экономикаларын тұрақтандыру мен интеграцияны тереңдету мақсатында негізгі көрсеткіштердің параметрлерін келісіп берітуге мүмкіндік береді. ЕАЭО болашағы үшін аса маңызды мәселе монетарлық және фискальдық салаларда макроэкономикалық саясатты толықтай үйлестіру болып табылады. Бұл дегеніміз – одақтас елдер арасындағы инфляция қарқынының бір-біріне ұқсас және баяу болуы, қаржы ресурстарын теңдес болуы және бір-біріне қол жетімділігі, қаржылық тәуекелдің бірдейлігі, сыртқы қарыздың тұрақтылығы, сыртқы сауданың үйлесімділігі, салық-бюджет саясатының бірізділігі т.б. Мұның барлығы ЕАЭО қол жеткізуі тиіс биік мақсат-міндеттер.

ЕАЭО шарты бойынша мүше-мемлекеттер негізгі үш макроэкономикалық көрсеткішті қатаң сақтауы тиіс: 1) ІЖӨ қатысты мемлекеттік қарыздың деңгейі (50% аспауы керек); 2) инфляция деңгейі (ЕАЭО мүше-мемлекеттер ішіндегі инфляция деңгейінің ең төменгі көрсеткішінен 5 пункт аспауы керек); 3) бюджет дефициті (3% аспауы керек) [3]. Бірақ бұл талаптарды мүше-мемлекеттердің сақтау-сақтамауы өз алдына бөлек мәселе. Бұл талаптарды орындау ЕАЭО даму болашағын айқындайды.

Тағы бір өзекті мәселе – одақ ауқымындағы салық-бюджет саясатын үйлестіру. Егер бұған қол жеткізе алмаса, ЕАЭО құруға кеткен қаншама уақыт, күш-жігер, қыруар ресурстар өзін-өзі ақтамай қалуы мүмкін. ЕО құрамындағы Грецияның жағдайы ол тұжырымның анық дәлелі. Европалық инвесторлар бастапқыда Оңтүстік Шығыс Европа елдерін тәуекелі төмен қарыз алушы елдер санатына жатқызды. Алайда, ортақ фискальдық үйлестірудің болмауынан жекелеген елдердегі салық-бюджет саясаты бақылаудан шығып кетіп, терең қаржы-экономикалық дағдарысқа ұласты. ЕО мүше-мемлекет Грецияның сыртқы қарыз көлемі рекордтық көлемге дейін өсті, ішкі инфляция шарықтап кетті, алым-салықтардың көлемі артып, жалақы мен түрлі өтемақылар төмендеді, әлеуметтік төлемдер қысқара бастады. Нәтижесінде Грецияның мемлекеттік бюджетінде орасан зор бюджет тапшылығы орын алды. Сондықтан, монетарлық одақ туралы

айтпас бұрын, бюджет дефициті мен мемлекеттік қарыз деңгейін бақылауға алып, үйлестірген жөн. Осыларға қол жеткізе алмай отырып, «ортақ валюта жасау керек» деу бекершілік. Соңғы кездері Ресей тарапынан ЕАЭО ортақ валютасын жасау керек деген пікірлер жиі айтылуда. Біздің ойымызша, мұндай ұсыныстар ешбір нәтиже бермейді, дәл қазіргі жағдайда ЕАЭО дамуына зиян тигізеді.

Әзірге ЕАЭО үшін қаржы-валюталық үйлестірудің басты мақсаты – интеграциялық бірлестік ішіндегі өзара есеп айрысуға қолданылатын ұлттық валюталардың құбылмалылығын азайту, шетелдік еркін айырбасталатын валюталар бағамының «секіргіштігіне» жолбермеу. Тек сонда ғана бірегей экономикалық кеңістіктің қаржылық тұрақтылығы сақталады, өзара сауданың кедергілері азаяды, сауда көлемі артады, ұзақ мерзімді несиелер алу мен инвестициялар тартуға мүмкіндік туады. Әсіресе, инвесторлар үшін валюта нарығындағы тұрақтылық бірінші кезекті маңыздылыққа ие. Қаржы-валюталық үйлестірудің пайдасы зор, ЕАЭО нығайтуда ерекше маңызы бар. Одақ ауқымында валюталық реттеудің ортақ ережелерін қалыптастыру, бірыңғай төлем-есептесу операцияларын жүргізу, үйлестірілген монетарлық және фискальдық саясаттар мүше-мемлекеттер үшін орасан зор пайда мен артықшылықтар бермек:

- транзакциялық шығындарды азайту мен валюта бағамдарының құбылмалылығын ырықтандыру арқылы өзара сауда жасаудың тиімділігі артады;

- ортақ қаржы нарығы мен өзара инвестициялық ағымдардың дамуына игі ықпал етеді;

- инфляцияны тұрақтандыру мен несиелердің пайыздық үстемелерін төмен деңгейде ұстау арқылы одақтас елдерден қарыз және несие алуы дұрыс жолға қоюға мүмкіндік туады. Бұл әсіресе экономикасы шағын елдер үшін өте тиімді болмақ.

Өкінішке орай, әзірге бұл айтылғандар идея түрінде, арман деңгейінде ғана қалып отыр. Іс жүзінде ЕАЭО ауқымында Ресей рублінің үстемдігі анық байқалуда. ЕАЭО елдерінің валюталары Ресей валютасының бағамына тәуелді. Ресей рублі шетелдік валюталарға қатысты қандай баға ұстанса, оның ізін ала өзге одақтас елдерде өздерінің ұлттық валюталарының бағамын өзгертуге мәжбүр болуда. Бұл түптеп келгенде экспорт пен импорт арасындағы баланстың бұзылуына әкеліп соғуда, валюталық бағамы жасау саясаты арқылы ресейлік тауарлардың бәсекеге қабілеттілігі артуда. Мысалы, 2015 жы-

лы Беларусияның ЕАЭО жалпы экспорты 25% құлдырады, оның ішінде Ресейге экспортының көлемі 39% азайып кетті. Әрине мұның себептері көп, бірақ басты себептердің бірі – валюта курсына қатысты проблемалар еді. 2015 жылдың бірінші тоқсанында белорустардың рублінің АҚШ долларына қатысты құнсыздануы 51% болса, дәл сол кезеңде Ресей рублінің долларға шаққандағы курсы 80% құнсызданды. Ал ол кезде Қазақстан теңгесі бар болғаны 9%, армян драмы 16%, қырғыздың сомы 10% құнсызданған болатын. Яғни, валюта бағамдарының әр түрлі болуынан ресейлік рубльге шаққанда Ресейге экспортталатын тауар бағасы қымбатқа шығып кетті. Ресейдің экспорттер тауар өндірушілері бұдан ұтты, басқа одақтастар болса ұтылды. Бұл жағдай Қазақстандық тауар өндірушілерге де жақсы таныс. «Атамекен» кәсіпкерлердің ұлттық палатасы бұл туралы талай рет айтып, ҚР Үкіметі мен Парламенті деңгейіне дейін мәселе етіп көтерді. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев та орын алып отырған проблемалар туралы ЕАЭО мүше-мемлекеттері бас қосуларында ашық сынап, қатты айтқаны белгілі.

ЕАЭО елдері үшін қаржы саласындағы интеграцияны жолға қоюда бұлардан да басқа проблемалар жетерлік. Мысалы, банк секторының қызметін ырықтандыру, банк жүйесіне шетел капиталын тарту, шетелдік банкілердің филиалдарын ашу, капиталдың еркін айналымын жолға қою, құнды қағаздардың ортақ нарығын құру, брокерлік қызметтің бірегей жүйесін жасау т.б.

Келешекте ЕАЭО ауқымында еркін сауда аймағын құру мен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту жоспарланған. Бұл бағытта шешімін табуы қажет ететін көптеген мәселелер баршылық. Қазіргі кезде әлемдік сауда аумалы-төкпелі кезеңді бастан өткеруде, ғаламдық қаржы-экономикалық дағдарысты еңсеру мүмкін болмай отыр, оның үстіне Батыс елдерінің Ресейге қарсы санкциялары, түрлі шектеулер мен эмбарголар экономикалық соғысқа ұласып кетті. Мұның барлығы ЕАЭО интеграциялық процестерге кесірін тигізуде. ЕАЭО тұтынушылық нарығы бар-жоғы 182 755 794 адам (Ресей – 146 544 710 адам, Қазақстан – 17 713 784, Белоруссия – 9 498 700, Қырғызстан – 6 000 000, Армения – 2 998 600 адам), оның ішінде экономикалық белсенді жан саны 93 млн, ортақ ІЖӨ \$2.2 трлн (бұл әлемдік ІЖӨ 3,2% ғана құрайды). ЕАЭО өзін-өзі толық қамтамасыз ете алатын толыққанды интеграциялық бірлестікке жатпайды, әлемдік экономикаға тәуелділігі

күшті. Сондықтан, ЕАЭО әлемдік саудаға тығыз қатысып, өзге аймақтармен, интеграциялық одақтармен (ЕО, БРИКС, МЕРКОСУР, АТА т.б.), көршілес үлкен елдермен еркін сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуы қажет. ЕАЭО еуразия аймағындағы жаңғыз бірлестік емес, бұл аймақтағы елдер арасында жан-жақты ынтымақтастыққа арқау болып отырған Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШОС), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шарты ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) сияқты түрлі деңгейдегі одақтық бірлестіктер бар. «Еуразиялық қамал» жасап, одақ ауқымында экономикалық оқшаулану ЕАЭО тас-талқанын шығаратын тұйық жол. Мұндай тұйық жолға ұрынбас үшін не істеу керек? Ғаламдану жағдайында оның балама жолы біреу ғана – еркін сауда аймақтарын құрып, жан-жақты ынтымақтастықты дамытқан жөн. Оның үстіне, Қырғызстан, Армения, Ресей, Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелері (ЕАЭО құрамынан тек Беларусь қана кірмеген). Бұл тұрғыда Қытай Халық Республикасы ұсынып отырған «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобасы сияқты ынтымақтасу түрі аса қажет.

2013 жылы 7 қыркүйекте ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанға жасаған ресми сапары кезінде Аспан асты елі «Жібек жолының экономикалық белдеуі» атты ғаламдық ауқымдағы интеграциялық жобаны жүзеге асыратынын жариялады. Ұлы Жібек жолын жаңғыртушы бұл жобаның мақсаты – Еуразия елдерінің селбестік кеңістігін кеңейту үшін экономикалық байланыстар мен ынтымақтастықты нығайту еді. «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобасын ұсынушы ретінде Қытай мынадай міндеттерді алға қойып отыр:

- Еуразия құрлығындағы жан-жақты ынтымақтастықты жолға қою;
- аймақтағы саяси байланыстардың экономикалық қарым-қатынастан қалыс қалуын түзеуге әрекеттену;
- оңтүстік, Шығыс және Батыс Азияны Еуропа елдерімен байланыстыратын, яғни, Тынық мұхитынан Балтық теңізіне дейінгі кеңістікті

өзара байланыстыратын көлік-коммуникациялық торапты қалыптастыру мен дамыту;

- сауда байланыстарын күшейте отырып, сауда мен инвестицияларға кедергі жасайтын кедергілерді қысқарту, жобаға қатысушы мүше мемлекеттердің ұлттық мүдделерін есепке ала отырып өзара ықпалдасу;

- интеграциялық жобаға мүше мемлекеттер арасындағы ұлттық валютамен есеп айырысу жүйесін нығайту, бірте-бірте АҚШ долларына тәуелділіктен арылу, ақша айырбастау шығындарын қысқарту, келешекте аймақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- достық пен силастыққа негізделген мәдени, гуманитарлық, рухани, ғылыми, әскери, техникалық т.б. байланыстарды тереңдету [4].

Сол сияқты, ЕАЭО АҚШ пен ЕО арасындағы еркін сауда мен экономикалық ынтымақтастықты дұрыс жолға қою міндеті тұр. Әзірге бұл мақсатты толық жүзеге асыру қиын, себебі Батыс елдері мен Ресей арасында экономикалық соғыс өршіп тұр. Оның зардабын ЕАЭО өзге мүшелері де тартуда, санкциялардың салқыны оңай тиіп жатқан жоқ.

Қорытып айтар болсақ, ЕАЭО оған қатысушы-мемлекеттердің экономикасын нығайтуға, ортақ нарықтық әлеуетін арттыруға ықпал етуге қабілетті. Бұл интеграциялық бірлестік оның мүше-елдері үшін барлық проблемаларды бірден жойып жібере алмайтыны анық. Өзара ынтымақтасудың проблемалары көп, мәселе сол проблемаларды оңтайлы шеше білуде. Сонда ғана капиталдың, тауарлар мен қызметтердің, жұмыс күшінің еркін айналымы жүзеге асады, ЕАЭО аумағында бизнес жүргізу барынша оңайлайды. Ал, кедендік, фитосанитарлық, ветеринарлық және басқа да бақылаулардың жойылуы бизнес айналымын шапшаңдатып, кедергілерді барынша азайта түседі. Мұның аясында көліктік инфрақұрылымдарға теңдей қолжетімділік үлкен маңызға ие. Интеграциялық бірлестіктің тұтастай аумағында көліктік инфрақұрылымды бірыңғай пайдалану шарттары да осыны дәлелдей түспек. Бұл көліктік шығындарды төмендетуге, арзан тасымалдардың қолжетімділігіне жағдай жасайды, транзиттік әлеуетті дамытады.

#### Әдебиеттер

- 1 Интеграционный барометр ЕАБР-2015 // <http://www.eabr.org/r/research/centre/aboutCII/index.php>
- 2 Оценка экономических эффектов отмены нетарифных барьеров в ЕАЭС // <http://eabr.org/general/upload/CII%20-%20izdania/2015/НТБ-29/>
- 3 Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт // <https://docs.eaeunion.org/kk-kz/>

4 К Великому океану-3: Экономический пояс «Шелкового пути» и приоритеты совместного развития евразийских государств // [http://iwep.kz/files/attachments/article/2015-04-21/doklad\\_sozdanie\\_evrazii\\_ekonomicheskij\\_poyas\\_shelkovogo\\_puti.pdf](http://iwep.kz/files/attachments/article/2015-04-21/doklad_sozdanie_evrazii_ekonomicheskij_poyas_shelkovogo_puti.pdf)

#### References

- 1 Integrasionni barometr EABR-2015 // <http://www.eabr.org/r/research/centre/aboutCII/index.php>
- 2 Ocenka ekonomicheskikh effectov otmeni netarifnih barerov v EAES // <http://eabr.org/general/upload/CII%20-%20izdania/2015/НТБ-29/>
- 3 Eurazialik ekonomikalik odak turali shart // <https://docs.eaeunion.org/kk-kz/>
- 4 К Velicomu okeanu-3: Economicheski pojas «Shelkovogo puti» I priorityy sovmestnogo razvitia evraziskih gosudarstv // [http://iwep.kz/files/attachments/article/2015-04-21/doklad\\_sozdanie\\_evrazii\\_ekonomicheskij\\_poyas\\_shelkovogo\\_puti.pdf](http://iwep.kz/files/attachments/article/2015-04-21/doklad_sozdanie_evrazii_ekonomicheskij_poyas_shelkovogo_puti.pdf)